

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ



Енді елімізде еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуы қатаң бақылауға алынады. Сонымен қатар бизнесті тексеру жұмыстары кеңейтілмек.

Апта басында Үкімет басшысы осы салаға жауаптыларға осындай тапсырма жүктеді. Өндірістік процеске мониторинг жүргізу, бейнебақылау және бақылау жүйелері мүмкіндігінше жедел цифрландырылуы керек. Кезек күттірмес тағы бір шаруа – еңбек тәуекелдері картасына құрылыс нысандарын, қоғамдық тамақтану орындарын да енгізу. Үкімет басшысы жұмыскерлер қауіпсіздігін бақылау және қорғаудың заманауи жүйелері барлық өндіріс орынында басшылыққа алынуы тиістігін атап өтті.

2-БЕТТЕ

БАЛАМ ӘЛСІЗ ДЕМЕҢІЗ ...



Сәби дүниеге келген сәттен бастап оның денсаулығы мен болашағы көбіне ананың қамқорлығына байланысты. Сол қамқорлықтың ең маңыздысы – ана сүті. Дәрігерлер ана сүтінің нәресте үшін таптырмас қорек екенін қанша айтқанымен, соңғы жылдары сәбиін емізуден ерте бас тартатын немесе мүлде емізгісі келмейтін аналардың қатары көбейіп барады. Неліктен?

Адам бойындағы барлық асыл қасиет атаулы әкенің қанымен, ана сүтімен даритыны анық. Ал алпыс екі тамырын идіртіп, мейірімінен төгілген қасиетті ана сүтінің орны тіптен бөлек.

Бүгінде жас аналар бала емізуді машақат көріп, жасанды сүт беруді оңай санайтынын көзіміз көріп жүр. Ал ғылыми зерттеулер сәбидің дені сау болып өсуі үшін екі жыл толық емізу керектігін дәлелдеп отыр.

4-БЕТТЕ

ОТБАСЫ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНГЕН КҮН



Қызылорда облысында биылғы жылдың алғашқы үшемі дүниеге келді. Сырдария ауданының Бесарық ауылында тұратын Нұрсұлтан Берікбол мен Мөлдір Бекбаулының шаңырағында үш бірдей қыз бала дүниеге келіп, отбасы қуанышын еселей түсті.

Наурыз айында жүктіліктің 32 аптасында дүниеге келген сәбилерге Хадия, Дария және Жәния есімдері берілген. Нәрестелердің туған кездегі салмақтары 1210, 1470 және 980 грамм болған.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қаны қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

6 маусым
сенбі

№42 (2254)

2026 жыл

апталығы

МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ҮШТАҒАНЫ



Мемлекеттік рәміздер аллеясында 4 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздері күніне арналған «Рәміздер рухы – Конституцияның күші» атты жалпыұлттық патриоттық акция өтті. Акция «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы» атты тақырыптық прологпен ашылды.

Салтанатты шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысып, Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы: «Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Өнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нысандарымыз Қазақстанның егемен ел, енесі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады», – деп атап өтті. Біздің мемлекеттік нысандарымыз Қазақстанды күллі әлемге бейбітшілік пен татулықтың символы ретінде дәріптеуде. Көк туымыз халықаралық аренада, әлемдегі алпауыт ұйымдардың төрінде Тәуелсіз Қазақстанның атын танытты. Айбынымызды асырған Мемлекеттік рәміздерді құрметтеп ұлықтау келер ұрпаққа аманат ету – біздің азаматтық парызымыз. Баршаныңды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміздің тұмарына айналған мемлекеттік нысандарымыз болашаққа бастаған ұлы көшімізді демеп, игі істеріміздің ұйытқысы бола берсін! Бірлігіміз жарасып, жарқын болашаққа басқан әр қадамымыз нық, ел іргесі берік болсын!», – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада хордың сүйемелдеуімен Мемлекеттік Өнұран шырқалып, жергілікті өнерпаздар патриоттық әндер шырқады. Рәміздер күніне арналған акция ипподромда атты шерумен жалғасты. Сондай-ақ төтенше жағдайлар қызметкерлері Сырдария өзенінде Мемлекеттік Туды қайықпен алып жүріп, мереке мазмұнын айшықтай түсті.

«Ақмешіт-ақпарат»

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

ҚЫЗЫЛӨЗЕК: КӘСІПКЕРЛІК АЛҒА БАСУДА



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ауыл – біріміздің алтын бесігіміз. Қалада туып, өмір бойы қалада тұрған қазақтың да тамыры – ауылда. Халқымыздың салт-дәстүрі, тілі мен ділі, бәрі де ауылда сақталған. Жаһандану дәуірінде қазақты сақтау үшін, ең алдымен, ауылды сақтауымыз керек» деген сөзі жадымызда.

Шынында, Президенттің тапсырмасымен ауылды көркейтіп, экономикасы мен өркениетін көтеруге арналған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Күннен күнге көркейген ауыл келбетіне қарап бағдарламаның әлеуеті зор екенін бағамдадық.

Бұл жолғы бағытымыз – Қызылөзек ауылы. Мақсатымыз – мемлекеттік бағдарлама игілігімен көркейіп жатқан ауылдың өткен шағы мен жанарған келбетін көзбен көріп, көңілге тую, ауыл бейнесін оқыманға жеткізу, ауылда жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарламаның аяқ алысын бағамдау, ауылдық округтің шежірелі тарихын елге жеткізіп, бүгінгі тыныс-тіршілігінен сыр шерту.

3-БЕТТЕ

РАҚЫМШЫЛЫҚ: КІМГЕ – КЕШІРІМ, КІМГЕ – ЖАЗА?



Заяның қатаңдығы – тәртіп кепілі болса, рақымшылық – әділдіктің бастауындай. Жазалаудан гөрі түзеу мен қайта тәрбиелеу нәтижелі екенін кез келген құқықтық мемлекеттің тәжірибесінен аңғаруға болады. Жаңа Конституция аясында биыл мыңдаған адам өмірді жаңа парактан бастауға мүмкіндік алып отыр. Әсіресе, ел тарихында алғаш рет енгізілген әкімшілік рақымшылық бұған дейінгілерінен ерекшеленді. Бұл жолғысы тек темір тордағыларды ғана емес, миллионға жуық қарапайым азаматты әкімшілік айыппұл жүгінін арылтпақ. Мемлекет тарапынан жасалған бұл жеңілдік кімдерді қамтиды? Мәселеге тереңірек үнілесек.

2-БЕТТЕ

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ: нені ескеру керек?



Жаздың алғашқы күні келіп, күн ысығанда жұртшылық су айдындарына асығатыны анық. Келушілердің демалыс қауіпсіздігі басты орында. Өкінішке орай, суға түсу кезінде жазатайым оқиғалар тіркеліп, адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар орын алып жатады. Осыған орай жаз маусымы басталған шақта Төтенше жағдай басқармасы мен БАҚ өкілдері қатысқан су айдындарындағы ахуалды анықтау үшін рейдтік іс-шара өтті.

2-БЕТТЕ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс орындарындағы жағдайды жақсарту мен жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселесіне баса назар аудару қажеттігін айтқан болатын. Сондықтан еңбекті қауіпсіз ету мақсатындағы жұмыстарды күн тәртібіне қою күттірмейтін мәселе.

Мемлекет басшысы сәуір айында Қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері туралы Заңға қол қойды. Еңбек заңнамасындағы қолданыстағы нормалар жаңартылып жатыр. Осы шаралардың барлығы еңбек



қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған, – деді Олжас Бектенов.

Төтенше жағдайлар министрлігінің деректеріне сүйенсек, жыл басынан бері 570 кәсіпорында тексеру жүргізіліп, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының 10,4 мыңнан астам бұзушылығы анықталған. Әкімшілік жауапкершілікке 523 лауазымды тұлға тартылып, салынған айыппұлдың жалпы мөлшері 62,9 млн теңгені құрады. 7 субъектінің қызметі, 695 объект пен техникалық құрылғыны пайдалану тоқтатылды. Қауіпті өндірістік нысандарда жыл басынан бері 12 апат тіркелген, оның салдарынан 5 қызметкер қаза тауып, 6 адам жаракат алған.

Премьер-министр жұмыс берушілер кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз етуге тиісті шараларды қабылдауы қажет екенін баса айтты. Атап айтқанда, Еңбек министрлігі өндірістік жаракат алу көрсеткішінде барлық ірі кәсіпорындардың басшылары үшін KPI енгізуді оның орындалмай қалуы басшылықтың жалақысы мен жалпы жұмыста қалуына әсер етеді.

Сонымен қатар Үкімет басшысы еңбекті қауіпсіз ету мақсатында бірқатар тапсырма берді. Алдағы уақытта тұрғын үйлердің ішінде немесе оларға жапсарлас орналасқан қоғамдық тамақтану орындарындағы қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылады. Яғни, дәмханалар мен мейрамханаларда газ баллондарын сақтау және пайдалану талаптарының сақталуы тексеріледі.

Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтың сөзіне сүйенсек, кейінгі жылдары

қауіпті өндіріс орындарында бақылау күшейтіліп, кәсіпорындардың жауапкершілігі артқан. Соның нәтижесінде өндірістегі адам өлімі 2,5 есе азайып, жаракат алу көрсеткіші 25 пайызға төмендеген. Алайда саладағы түйткілдер толық шешілді деуге әлі ерте. Биылғы бес айдың өзінде бақылаудағы кәсіпорындарда 43 оқиға мен 13 өндірістік авария тіркелген.

Үкімет отырысынан кейін қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатовтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктелді. – Елімізде халықтың жағдайы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен «Отбасының цифрлық картасына» жинақталып отыр. Бұл – қазақстандықтардың әл-ауқатын анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық жүйе. Сондықтан оны терең талдап отыру маңызды. Бұл бағыт бойынша қалада нәтижелі жұмыстар атқарылуы. Дегенмен, қажетті шараларды әлде де ширатып, күнделікті есеп жасап отыру керек, – деді қала әкімі.

Қазірде қаланың және оған қарасты кенттер мен ауылдық округтердің санитарлық тазалығы күнделікті бақылауға алынған. Дегенмен, кейбір мекемелер мен кәсіпкерлік нысанның иелері, тұрғындар тазалық талабын орындамай, абаттандыру қағидаларын бұзып, қала келбетіне нұқсан келтіреді. Оларға тиісті әкімшілік хаттамалар толтырылып, айыппұлдар салынууда.

Бұған дейін де қаланың және елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту, көшелер мен қоғамдық орындарды ретке келтіру, стихиялық қоқыс орындарының алдын алу және абаттандыру ісін күшейту жөнінде нақты тапсырмалар берілді. Жұмыстар өз деңгейінде жүргізілгенімен, рұқсат етілмеген орындарда қоқыс тоғу фактілері азаймай отыр. Сондықтан полиция басқармасымен бірлесіп, күнделікті тәулік бойы бақыланатын рейттік шаралар ұйымдастыру қажет, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Айтолқын
БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Рақымшылық – құқықтық мемлекет тәжірибесінде бұрыннан қолданылып келе жатқан маңызды институттардың бірі. Тәуелсіздік алғаннан бері 11 рет рақымшылық жасалған екен. Ал Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметіне кіріскеннен бастап барлығы 4 рет рақымшылық жарияланған. Соның бірі 2022 жылғы Қаңтар оқиғасына байланысты жаппай тәртіпсіздікке қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтарға жасалған кешірім. Нәтижесінде мыңнан астам адамға рақымшылық қолданылып, олардың бір бөлігі қылмыстық жауапкершіліктен босатылса, енді бірінші жаза мерзімі қысқартылды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай да рақымшылық жасалған. Сонымен бірге өткен жылы Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толатынын орай сотталған азаматтарға рақымшылық жасау туралы бастама көтеріліп жазасын өтеп жатқан 15 мыңнан астам адамға амнистия жарияланды. Соның екі мыңнан астамы бостандыққа шығып қалғандарының жаза мерзімі қысқарды. Ізгі шараның бастауы ретінде жаңа конституцияның қабылдауға арналған салтанатты шарада Президент рақымшылықтың маңызына тоқталған еді. Ел Президенті былтыр қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға рақымшылық жасалғанын, енді азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жандарға да мүмкіндік беріміз керетін мәлімдеді.

Елімізде әкімшілік істер бойынша рақымшылық алғаш рет жасалатын болады. Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заң қабылдауы керек. Бұл – негізгі заңдағы адамгершілік идеялары мен прогрессивті құндылықтарды қоғамда орнықтыратын маңызды қадам, – деді Президент.

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен отырыста «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасы мен оған ілесіп түзетулер екінші оқылымда қабылданды. Алдын ала жүргізілген есепке сәйкес, қылмыстық рақымшылық шаралары шамамен 16,5 мың адамға қатысты қолданылуы мүмкін. Ал әкімшілік рақымшылық Ішкі істер министрлігі бағыты бойынша шамамен 1 миллион айыппұлды қамтиды. Жалпы сомасы 21,1 миллиард теңге айыппұл есептен шығарылақ. Депутат Абзал Құспаннның айтуынша, заң жобасы қылмыстық саясатты ізгілендіруге, халықтың борыштық жүктемесін азайтуға бағытталған.

Құжатқа сәйкес, қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар жасаған, сондай-ақ залал келтіруге алып келмеген не оны толық өтеген орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамдарға қылмыстық рақымшылық қолданылады. Сондай-ақ теріс мінез-құлқы болмаған жағдайда, келтірілген залалдың өтелуіне немесе өтелмеуіне қарамастан, орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған және жазасын өтеу мерзімін аяқталуына бір жылдан аспайтын уақыт қалған сотталушылар жазадан босатылуы мүмкін, – дейді депутат.

Заң жобасында рақымшылық қолданылмайтын қылмыстардың нақты тізімі белгіленген. Аса қауіпті қылмыс жасағандарға рақымшылық қолданылмайды. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа, терроризмге, экстремизмге қатысты, қамелетке толмағандардың жыныстық қол сұғуына қатысты қылмыс жасаған, қайталанған қылмыс және қауіпті қайталанған жағдайда жасалған, қоғамдық қауіп жоғары дәрежедегі қылмыстар, сондай-ақ азаптау және жақында қылмыстық жауаптылыққа енгізілген іс-әрекеттер қамтылмайды. Бұған қоса, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар және сырттай сотталған адамдарға амнистия жоқ.

Биылғы рақымшылықтың басты ерекшелігі – ел тарихында алғаш рет қылмыстық

Басы 1-бетте

рақымшылықпен қатар әкімшілік рақымшылықтың да қатар жүргізілуі. Бұған дейін елімізде бірнеше рет қылмыстық рақымшылық жарияланғанымен, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша мұндай тәжірибе болған емес. Сондықтан жаңа заң жобасы құқықтық жүйедегі маңызды жаңашылдық ретінде бағаланып отыр. Әкімшілік рақымшылық қайталанған құқықбұзушылықтарға және соттардың қарауындағы істерге қолданылмайды. Мәселен, мас күйінде немесе есірткіге масан күйде көлік құралын басқару, қарсы қозғалыс жолағына шығу және жол жүрісі қағидаларын өзге де өрескел бұзу кешірілмейді. Президенттің бастамасымен қолға алынған бұл қадам қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті азайтуға және азаматтарға «жана паракан» бастауға мүмкіндік беруге бағытталған. Қауіпсіздік белдігін тақтау, жаяу жүргіншілердің қателігі, жол белгілерін байқамай қалу және көлік тізгінінде телефон пайдалану. Белгіленбеген жерде темекі шегу, тыныштықты бұзу және қоғамдық орындарда

төмен қылмыстар үшін жауапқа тартылған азаматтарға қолданылады. Сонымен бірге келтірілген залалды толық өтеген жағдайда орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша да рақымшылық қарастырылған.

Қылмыстардың қайталануы кезінде, қоғамдық қауіптілігі жоғары деңгейдегі қылмыстар, жақында криминализацияланған іс-әрекеттер жасағандарға, сондай-ақ сырттай сотталған адамдарға қолданылмайды, – деді Абзал Құспан.

Заң жобасында түрмеден босатылатын азаматтарды қоғамға бейімдеу мәселесіне де ерекше назар аударылған. Жергілікті атқарушы органдарға әлеуметтік бейімдеу және қайта әлеуметтендіру жұмыстарын жүргізу міндеті жүктеледі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері бірнеше рет рақымшылық жарияланған. Тәжірибе көрсеткендей, рақымшылыққа ілінген азаматтардың басым бөлігі қайта қылмыс жасамайды. Егер босатылған адамдар тұрақты жұмысқа орналасып, қоғамның



РАҚЫМШЫЛЫҚ: КІМГЕ — КЕШІРІМ, КІМГЕ — ЖАЗА?

алкогольдік ішімдік ішу сонымен бірге жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар және жеке сот орындаушылары белгілі бір санаттағы әкімшілік айыппұлдардан толық босатылуы мүмкін.

Азаматтарға мемлекеттік органдарға барып, өтініш жазудың немесе кезекте тұрудың қажеті жоқ. Ақпараттық жүйе деректерді өзі оңдеп, айыппұлдың жойылғаны туралы хабарламаны қолданушының телефонына SMS немесе eGov хабарламасы арқылы жібереді. Талқылауда мәжіліс депутаты Ринайт Зайытов әлеуметтік желіде пікір жазғаны үшін жауапқа тартылғандарға да рақымшылық жасауды сұрады.

Бірде бір өкінішті жағдай әлеуметтік желіде пікір жазғаны үшін сотталып жатқан адамдар бар. Мен осы жерде барлық әріптестерімнен жалпыны тұрып сұраймын, жауапқа тартылған адамдарды рақымшылық жасауға, ықпал етуге ат салысыңыздаршы, – деді ол.

Ішкі істер министрлігі орынбасары Санжар Әділов тілшілерге берген жауабында. Бұл қадам мыңдаған тағдырға үміт сыйлайтаны жеткізді. – Рақымшылық аясында жалпы сомасы 17 миллиард теңгеден асатын айыппұлдар есептен шығарылады. Бұл қадамның ең басты мақсаты – азаматтарымызға түсетін қаржылық жүктемесін азайту. Бүгінде халықтың мойнындағы берешек салмағын жеңілдету кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан, бұл шара әлеуметтік қолдаудың маңызды құралына айналмақ, – деді Санжар Әділов.

Заң жобасына сәйкес, қылмыстық рақымшылық ең алдымен қылмыстық теріс қылықтар жасағандарға, сондай-ақ қоғамдық қауіптілігі

толыққанды мүшесіне айналса, бұл қылмыстың қайталану қаупін едәуір төмендетеді. Бұрынғы рақымшылықтар кезінде босатылған адамдардың өте аз бөлігі ғана заң бұзушылыққа қайта барған. Айта кетейік, былтыр рақымшылыққа ілігіп, 2,3 мың адам жазасын өтеу орындарынан босатылды. Солардың арасынан 8 адам қайтадан қылмыс жасап, жауапкершілікке тартылды. Заң жобасының 3-бабына сәйкес, бұрын амнистия қолданылып, қайтадан қылмыс жасаған адамдарға қатысты тағы да рақымшылық жасау шектелді.

Құжатта жазадан толық босатумен қатар, жаза мерзімін қысқарту мәселесі де қарастырылған. Орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін сотталғандардың өтелмеген жаза мерзімі екі есеге дейін қысқартылуы мүмкін. Сондай-ақ ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін сотталғандардың да жаза мерзімін белгілі бір мөлшерде қысқарту көзделген. Дегенмен мұндай жеңілдіктер автоматты түрде берілмейді. Әрбір жағдай сот арқылы жеке қаралады. Сот азаматтың жасаған қылмысының сипатын, келтірілген залалды өтеуін, жазасын өтеу кезіндегі тәртібін және түзелу деңгейін ескереді. Егер адамның түзелмегені анықталса немесе оның әрекеті қоғам үшін қауіп төндірді деп танылса, рақымшылық қолданылмауы мүмкін.

Рақымшылық жаза басқандарға өмірін қайта бастауға мүмкіндік береді. Түзеу мекемелеріндегі адам санын азайтып, олардың әлеуметтік ортаға қайта қосылуына жол ашалады. Кейбір азаматтар алғаш рет заң бұзып, кейін өз әрекетіне өкініп, қоғамға пайдалы өмір сүруге ұмтылып жатады.

Думан КЕЦШЛІК

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ: нені ескеру керек?

«Қауіпсіздік ережесін қатан сақтаңыздар! Ата-аналар балаларыңызға ие болыңыздар! Суға баспен секіруге болмайды» – бақылау іс шарасы төтенше жағдай басқармасының аға инженері Эдлар Тағатұлының дабылды үнімен басталды. Қалада тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауқымды шаралар өтуде. Қазіргі уақытта барлық қажетті құралдармен және кәсіби жабдықталып, шомылуға рұқсат етілген 2 жағажай жұмыс істеп тұр. Соның бірі – тұрғындар көп жиналатын Эдельвейс шағын ауданының маңындағы қалалық жағажай. Демалыс орны кәсіби құтқарушылар және қажетті құрал жабдықтармен жабдықталған. Тұрғындардың жайлылығы үшін пирс, ал кешкі уақытта қызыл-жасылды шамдармен көмкерілген.

Суға түсу аймақтарындағы қауіпсіздік басты міндетіміз. Жазғы маусымға дайындық барысында келушілердің қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлдтік. Қазіргі уақытта нысан техникалық қауіпсіздік талаптарына сай. Оқыс оқиғалардың алдын алып, балалардың терең аймаққа өтіп кет-



пеуі үшін арнайы қоршаулар орнатылған, – деді қалалық жағажай әкімшісі Фарид Искакова.

Нысанды аралау барысында, су бойындағы қауіп-қатердің алдын алуға кәсіби мамандардың қырағылығы қажет.

Жағажайда қауіпсіздікті бақылау үшін барымызды саламыз. Жасөспірімдердің суға түсетін аумақтың белгіленбеген бөлігіне өтіп кетпеуін қадағалаймыз. Сонымен бірге әрбір келушіге арнайы су жидеттерін береміз, – дейді аға құтқарушы Ербол Нұралиев.

Мамандардың айтуынша бұл мәселеде құтқарушылардың жұмысына сеніп отыру жеткіліксіз. Себебі, бала қауіпсіздігіне бірінші кезекте ата-аналары тікелей жауапты.

Балаларға бейтаныс әрі тереңдігі белгісіз жерлерге секірудің қауіпті екенін ескерту, ағысы қатты суға жақындамау қажеттігін ескерту қажет. Сонымен бірге «Суға түсуге тыйым салынады» деген ескерту белгілері орнатылған аймақтарға бармауын қадағалау керек.

Қайғылы жағдайдың алдын алу үшін суға түсуге белгіленбеген қауіпті аймақтарда қуырлы органдар тарапынан мониторинг жүргізілуде. Суға түсуге белгіленбеген жерде шомылу жағдайларын болдырмау үшін профилактикалық шаралар күшейтілді.

Қала аумағында суға түсуге қауіпті 16 аймақ бар. Қазіргі таңда сол маңайлар тұрақты бақыланып, кешкі уақытқа дейін кезекшілік ұйымдастырылады. Сонымен қатар белгіленбеген орындарда суға түсу дерегі бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 412-бабымен жауапкершілік көзделген ескертемесі. Балаларды қараусыз қалдырмауын ата-аналарға ескертемесі, – деді төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Эльдар Есенгелдиев.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ «Қызылорда қаласының бас жоспары» жобасына стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептің сапасын бағалау туралы қорытынды алынғаны хабарлайды.

Қорытынды Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 57-бабының 10-тармағына сәйкес берілді.

Ұсынылған материалдарды қарау нәтижелері бойынша стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есеп қорытынды да және мүдделі мемлекеттік органдармен консультациялар хаттамасында қорытынды есептің ескертулерді және ұсыныстарды ескеру шартымен қанағаттанарлық деп танылды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес материалдар жариялануға және жұртшылықтың танысуы үшін орналастырылуға жатады.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК: КӘСІПКЕРЛІК АЛҒА БАСУДА

Инфрақұрылым игілігі

Қызылөзек ауылдық округінің құрамына Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек темір жол бекеті (стансасы) елді мекендері кіреді. Үш мыңнан астам адамға құтты қоныс болған ауылдық округтің инфрақұрылымы ерекше дамып келеді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ауыл тұрғындарының өзекті мәселесінің бірі электр желісін қайта жаңғырту жұмысына қомақты қаржы қаралып, 624 темірбетон тірегі орнатылып, заманауи электр желісі жүргізілген.

Облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға А.Құнанбаев және Қараөзек бекеті-4 көшелерінің жол құрылысын маусым-шілде айларында аяқтау жоспарлануда. 3 шақырымды құрайтын Д.Сариев, Ж.Жабиев көшелері күрделі жөндеуден өтті. Қалалық бюджеттен қаралған қаржыға Айнакөл-1 көшесіне жол салынып, «Қожақ» автомобиль көпірі жөндеді. Жергілікті бюджеттен үнемделген қаражатқа кіреберіске жол таңбасы сызылып, 22 көшеге жол белгісі жаңадан орнатылды. Ауылдық округтегі 21 көшенің 18-і жарықтандырылды. Көгілдір отынға қол жеткізер күн де жақын. 2025 жылы «Ауылдық округке қарасты 3 елді мекенді ілесіп газбен қамту» жоба-металық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы шыққан болатын. Бүгінде қалалық құрылыс бөлімі тарапынан жобаны республикалық бюджеттен қаржыландыру жөнінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік ұсыным берілді, – дейді ауылдық округ әкімі Сәкен Әбдіжәппар.

Абаттандыруға да көңіл бөлінуде. Ауылдың көркін ашатын балалар ойын алаңы өткен жылы жергілікті бюджеттен қаралған 4 млн 348 мың теңге қаражатқа «Қараөзек» бекетінен салынса, биыл «Айнакөл» елді мекенінде салынбақ. Былтыр Қараөзек ауылындағы «Тағзым алаңы» жөнделіп, ауласы жаңарды.

Демеушілер есебінен Қараөзек ауылының кіре берісіне елді мекеннің атауы жазылған метал арқа және бірнеше билборд тұғыры орнатылып, соғыс және еңбек ардагерлерінің санберлері ілінгені – өткен тарихқа құрмет пен тағзымның белгісі.

Жолаушылар тасымалы да жоғары қойылған. №29 «Қызылорда - Қараөзек» бағытындағы автобус күніне 4 мезгіл қатынап, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде. Қалада жұмыс істейтіндер мен студенттер үшін бұл қолайлы мүмкіндік.

Ауылдық округ аумағы Сырдария өзені деңгейінен биік орналасуына байланысты жаз маусымында аяқсу тапшылығы туындап отырады. Соған сәйкес ауыл әкімдігі меншігіндегі электр және дизельдік насостық қондырғылары «Сырдария» және «Қараөзек» арналарына орнатылып, 3 елді мекенге аяқсу беру мақсатында су заңнамасының талаптарына сәйкес насостық қондырғының құжаты мен жер телімін рәсімделуде.

Кәсіп көзін тапқан тұрғындар

Бүгінде ауылда 210 кәсіпкерлік нысан жұмыс істесе, жыл басында 5 жаңа жұмыс орны ашылған.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның ауыл халқына жәрдемі көп екенін түсіне бастаған қызылөзектіктер жеке, қосалқы шаруашылықты дамытып, табысын арттыруда.

Мәселен, жыл басынан «Ауыл аманаты» жобасы аясында 1 азамат «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы арқылы 8 млн теңге несиеге асыл тұқымды сиыр алып, мал шаруашылығын дамытуды көздеп отыр. Бұған қоса, «Ауыл аманатына» құны 21,6 млн теңгені құрайтын 2 жоба ұсынылған.

Сонымен қатар «Сабыр» шаруа қожалығы «Сырдария» несие серіктестігі арқылы жеңілдетілген пайызбен 20 млн теңге несие алып, қой шаруашылығымен айналысуда.

Өткен жылы 2 тұрғын «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» 20 млн теңге несиеге қол жеткізсе, 3 ауыл тұрғыны 4 млн 716 мың теңге қайтарымсыз грант ұтып, өз кәсібін бастаған. «Ауыл аманаты» бойынша өткен жылы 1 жоба қолдау тауып, кәсіпкер тігін машина алып, тоқыма өнімін шығарып, 3 адамды жұмыспен қамтуда. Осылайша, өткен жылы қызылөзектік 6 азамат 26 млн 716 мың теңге қаражатқа қол жеткізіп, ауылдың әлеуетін көтеріп отыр.

«Жарасым» шаруа қожалығы қала халқын ең төмен бағада ет өнімдерімен қамтамасыз етуде.

Шаруа қожалығы төрағасы Нариман Абсейітов – Қазақстанның тумасы.

Өзі туған мекенге демеушілік жасап, «Туған өлке» номинациясымен марапатталған. Көкпаршы, Қызылорда облыстық федерациясының президенті. Бүгінде қожалықта 100 бас жылқы, 100 бас сиыр бар. Жеке шаруашылық 20-ға жуық тұрғынды жұмысқа алған. Қаланың әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне тұрақты атсалысып, қайырымдылық көрсетіп келеді. Ауылдастары қайырымды азаматын мақтан етеді.

«Әліп» шаруа қожалығы да 2018 жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып келеді. Ауылдың әлеуетін көтеруге шаруа қожалығы төрағасы Әліп Рахымжан үлес қосуда. Бүгінде қожалық 58 бас сиыр, 16 бас жылқы өсіріп отыр.

Бұған қоса, жылы органикалық тыңайтқыш өндіру мақсатында «Сырдария-Көкшетау» несие серіктестігі арқылы 7 млн теңге жеңілдетілген несие алып, 1 МТЗ-82 тракторы

мен жетегін сатып алды. Сол уақыттан бері мал шаруашылығымен қоса, «Калифорниялық шылаушы» өсіріп, органикалық тыңайтқыш «Биогумус» өндірісін айналысып келеді. Бастапқы уақытта 1 шаршы метр жерден бастаса, қазір өнім көлемі 100 шаршы метр аумақты қамтып отыр. Өндіріс өнімін дихандар мен ағаш өсірісін айналысатын мекемелерге, негізгі бөлігін көкөніс өсіретін жеке тұрғындарға өткізуде.

Калифорния шылаушыны тамақты көп талғайды. Екі шаршы метрден жылына бір тонна биогумуска дейін алуға болады. Жәшікті дайындағанда астына дренаж қызметін атқаратын құм салады. Мұнан соң 1-2 см топырақ, 3-5 см тамақ қалдықтары, қайтадан 1,2 см топырақ салады.

Арасына жұмыртқа қабығының ұнтағын салу керек. Себебі құрттар қышқыл ортаны ұнатпайды. Қыста жылы жерде ұстап күн жылынған кезде бау-бақшаға жіберуге болады. Өсімдік қалдығының барлығымен қоректеніп, оны қарашіріндіге айналдырады. Шұбаршынның өнімі биогумус кез келген егін мен бау-бақшаны жайқалтып жібереді, дикан өнімді еселеп алады. Әсіресе жылыжай егіндері мен гүлге беру өте пайдалы. Мұндай тыңайтқыш берілген жер төрт жылға дейін өзінің жоғары құнарлылығын сақтайды, – дейді кәсіп иесі.

Жұмыссыздар азайған

Ауылдық округте жұмыссыздық деңгейі төмендеп, әлеуметтік аз қамтылған отбасылары мемлекет тарапынан жәрдемің тұрақты алып отыр. Жергілікті тұрғындардың 1-і жастар тәжірибесімен, 16-ы қоғамдық жұмыспен қамтылса, 7-і тұрақты жұмысқа орналасқан. Мемлекет тарапынан 9 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған 16 отбасына азық-түліктей және басқа да қолдау жасалған. Білім, денсаулық, мәдениет саласы бойынша ілгерілеушілік бар. Ауылдық округтегі үш орта мектепте 578 оқушы білім алууда. №39 мектепте 58 балаға арнайы автобуспен тасымал қызметі көрсетілсе, 306 бала ыстық тамақпен қамтылған. 2025-2026 оқу жылы мектеп бітіруші 37 оқушының 31-і ұлттық біріншілік тестілеуге қатысады. Мектеп бітіруші 10 түлектің 7-і Алтын белгіге, 3-і Үздік аттестатқа үміткер. Ауылда 2 медициналық пунктте 2 дәрігер және 10 медицина қызметкері тұрғындарға сапалы қызмет көрсетеді. Айнакөл және Қараөзек стансасындағы медициналық бекеттер 2011 жылы ашылса, Қараөзек ауылындағы жаңа дәрігерлік амбулатория мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 2020 жылы пайдалануға беріліп, жаңа жедел-жәрдем санитарлық автокөлігімен жабдықталған. Ауылдық округтегі клубта «Әжелер» ансамблі мерекелік шараларда ән мен жырдан шашу шашса, «Бозторғай», «Көркемөз», «Жауқазын», «Шертпе», «Қолөнер», «Жақастар» үйірмелері жас буынның талантының шыңдалуына жәрдем беруде. Иә, «Қызылөзекте» қай жағынан қарасақ та алға адымдап өркендеу бар. Бұл мемлекеттік бағдарламаның игілігі екені сөзсіз.

Басы 1-бетте

«БАЛЫҚ ПАТШАСЫ» БЕКІРЕ СЫР СУЫНДА

Сыр елі қара уылдырық жеп, бекіренің сорпасын ішетін күн жақын. Талсуаттық кәсіпкер бағалы балық түрін өсіруді қолға алған. «Хан Бекіре – 11» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің иесі Ғалымжан Нағиев құдық қорғау органында талай жыл еңбек етіп, подполковник шенімен отставкаға шыққан. Алғашқыда Сыр өңіріне тән сазан, дөңмаңдай, амур балықтарын өсіріп жүріпті. Бекіре шаруашылығына ден қойғалы небәрі екі жыл. 60 жыл бұрын жоғалып кеткен бекіре Қызылорда климатына бейімделіп келеді.

Біздің өңірде бекіре 1964 жылы ресми түрде жойылған екен. Бұрын Арал өңірінде, Қамбаш көлінде тіршілік еткен балық түрін неге қайтадан қолға алып өсірмек деген ой келді. Алдымен бағалы балықты Сырдария суында өсіру қаншалықты нәтиже береді екен, химиялық құрамы балық ағзасына зиян болмай ма деп байқап көрді. Нәтиже жаман болмады. Алғашқы тәжірибемді Түркістан облысы, Төлеби ауданының Ленгір қаласында өткіздім. Бұл өңірде су таудан келетіндіктен таза болып есептеледі. Қазір игі бастаманы туған өлкеме жалғастырып, Талсуаттан бекіре тұқымды балық өсіруді қолға алдым, – дейді кәсіпкер.

Осыған дейін өз қалтасынан 18 млн теңге қаржы жұмсаған кәсіп иесі «Аманат» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына қатысып, мемлекет көмегін алды.

Елдімекенде өткен жылы «Хан Бекіре – 11» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, бекіре өсірісін айналысуда. Су маржандары мұнда тереңдігі 50 метр болатын жерасты ұңғымасы арқылы

тазарту сүзгісінен өткен суда өсіріледі. Жеке кәсіпкер Ғалымжан Нағиев шаруашылықтың құрылыс жұмысына және толық жабдықталуына «Ауыл аманаты» жобасымен 31, 4 млн теңге несие алған еді. Бұл ауылдағы балық шаруашылығын дамытуға бағытталған аса ауқымды жоба. Мұнда жылына 40000 тонна бекіре балығы өндірілімек. Кәсіп иесінің жоспары алдағы уақытта ауыл, қала, көршілес елдерге балық өнімінің түрлерін ұсынып, ел қажетін өтеу, – дейді ауылдық округ әкімі Ерлан Бейсенбаев.

Бұрын бекіре ауқаттылардың дастарханында, Каспий жағалауында болатын. Бүгінде асыл тұқымды балық жергілікті климатқа бейімделіп, Сыр суында еркін жүзіп жүр. Кәсіп иесі көңіл қуантатын нәтижеге жету үшін 2 жыл шетелде тәжірибе жинаған. Қазір аядай ғимаратта 5000-ға жуық балықты баптап отыр.

Мақсатым – осы балықтарды біздің суға бейімдеу. Осы балықтан уылдырық шығарып, Қызылорда облысының балығы деп есептеп, дариымызға да, теңізге де жіберуімізге болады. Бекіренің табиғатта ұрық шашып, көбеюі қиындау. Өйткені асыл тұқымды балықтар тек бірнеше жылдан кейін ғана уылдырық шашып, көбейеді. Бұл балықтың ерекшелігі денесі құрт, микроб қабылдамайды. Керісінше балықта адам ағзасына

пайдалы өте көп. Басқа балықтардағыдай тікен болмайды, тек шеміршек бар. Бекіре – балықтың шіндегі әлсізі. Салмағы 5 грамнан асқасын ғана иммунитеті көтеріледі. Балықтың жемін Иран, Қырғызстан, Германия, Алматыдан алдырамыз. Күніне 4 сағат сайын 6 рет жем беріледі, – дейді су маржанын өсіруші кәсіпкер.

Айта кетейік, бекірені әдетте «балықтың патшасы» деп атайды. Өте бағалы балық болғандықтан кәсіптік маңызы зор. Қара уылдырығы мен құнарлы, әрі сінімді еті әлемдік деңгейде өте жоғары бағаланады. Қазіргі кезде кәдімгі бекіре бұрынғы таралу аумақтарында сирек кездесетіндіктен, әрі саны аз болғандықтан барлық мемлекеттердің қызыл кітабына енген. Еліміздің баға жетпес байлығы болып саналатын бекіре өсіруді қолға алған кәсіпкердің кәсібі берекелі болсын.

Бетті дайындаған: Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген: Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



ОТБАСЫ ҚУАНЫШЫ ЕСЕЛЕНГЕН КҮН



Шала туған шақалақтар облыстық ана мен бала орталығының жоғары тәуелділіктегі нәрестелерге арналған арнайы күтім бөлімшесінде екі ай бойы ем қабылдап, дәрігерлердің тұрақты бақылауында болды. Мамандардың кәсіби көмегі мен заманауи медициналық күтімнің нәтижесінде олардың жағдайы жақсарып, салмақтары айтарлықтай артқан. Яғни 2390, 3390 және 2060 граммға жетті.

– УДЗ тексерісіне келгенде егіз немесе үшем күткен жоқпын. Дәрігерлер бұл жаңалықты айтқанда қатты таңғалып, алаңдады. Кейінгі тексерулердің бірінде үшінші нәрестеге ауа жетіспей жатқаны анықталып, дәрігерлер шұғыл түрде кесір тілігі арқылы босандыру туралы шешім қабылдады. Мамандардың біліктілігінің арқасында ота сәтті өтіп, үш күн ішінде өз қалпына келдім. Қазір балаларымның жағдайы жақсы, – дейді қолбалалы ана Мөлдір Бекбаулы.

Облыстық перинаталдық орталықта дүниеге келген үшемдерді арнайы құттықтауға облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Айгүл Асылбекқызы барып, жас отбасына басқарма атынан сый-сияпат табыс етті.

Бұл – өмір медицинасының мүмкіндігі мен дәрігерлердің кәсібилігінің нәтижесін көрсететін қуанышты оқиға. Ал үшем қыздардың өмірге келуі жас отбасы үшін ғана емес, барша сырбойлықтар үшін де ерекше сүйінші жаңалық болды.

Дильназ
МАХАМЕДЖАНОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің I
курс студенті

Басы 1-бетте

БАЛАМ ӘЛСІЗ
ДЕМЕҢІЗ ...

Сәбиге ең қажет, ештенемен алмастырмайтын ана сүті сан түрлі дәруменге толы. Айтар болсақ, ана сүті ақуыз, май, түрлі дәрумендер, минералды тұздар мен өмірлік маңызы бар микроэлементтерге бай болып келеді. Сондай-ақ баланың интеллектін де қалыптастыра алады. Өз мезгіліне жете емген сәбиде дәрумендер мольнаң болары сөзсіз. Демек, жасына сай, дені сау болып өседі. Қазақтың «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген қанатты сөзі бекер айтылмаса керек.

Осы мәселе төңірегінде №3 қалалық емхананың педиатр-дәрігері Ұлпан Ибраеваның пікірін білген едік. – Медицинада нәрестеге ұыз берудің пайдасы зор екені дәлелденген. Сондықтан жарық дүниеге өсіп ашқан шақалақты бірден анасының омырауына жатқызады. Анасына емізуді міндеттейді. Себебі ананың сүті жас нәрестені қоректендіріп, кез келген жұқпалы аурулардан сақтайды. Ол сәбидің ми жасушасының көбеюін және жүйке жүйесінің дамуын жеделдетіп қоректік заттарға өте бай. Сондай-ақ аллергиялық аурулардың, диабеттің, артық салмақтың, қан азықтың алдын алады. Ана сүтін толық емген баланың ақыл-ой зеректігі жоғары болады, әрі анаға жақын, бауырмал болып өседі. Ғалымдардың соңғы зерттеулері бала үшін ана сүтінің маңызды екенін күн сайын дәлелдей түсуде. Өйткені баланы омыраумен емізу бала мен ана өмірі үшін пайдалы. Омыраумен емізу нәрестені тамақтандырудың ең қауіпсіз тәсілі. Ана сүті – сәби үшін алғашқы вакцина. Бұл – ауруларға қарсы алғашқы және ең тиімді күрес. Ананың нәрестені туған сәтте бірден құшағына алуы сәбиді жылытады, иммундық жүйесін нығайтады, ана мен бала арасындағы сүйіспеншіліктің пайда болуына ықпал етеді, ананың сүтін молайтады. Ана сүті – балаға арналған тамақ ғана емес, сонымен қатар әр баланың қажеттіліктерін ескере отырып жасалған, түрлі аурулардың алдын алуға арналған күшті дәрі. Ему кезінде баланың бүкіл ағзасы жұмыс істейді. Бастағы қан айналымы жақсарып, жақ сүйектері мен ауыз, ерін бұлшық еттері тез жетіледі. Алғашқы сүт немесе ақ ұыз нәрестені аурулар мен өлімнен қорғайтын элементтерге бай. Ұыз құрамы сәбидің әл жинауына, тез ширауына қажетті дәрумендерге өте бай. Нәресте өскен сайын оның қажеттілігіне қарай әр әйелде ана сүті құрамындағы қоректік заттар да қоса өзгеріп отырады. Қазақтың әлсіз, әлжуаз балаларды көргенде «ұызға жарымаған» деп жататыны осыдан. Сол себепті ана сүті – нәрестенің дұрыс өсуінің негізі. Ана сүті нәресте миының дұрыс дамуына, инфекциялардан қорғауға ықпал етеді, – дейді маман.

Басы 1-бетте

Рас, қазіргі таңда көп жас аналар баланы емізуден гөрі жасанды сүтті ыңғайлы көреді. Алайда, бұл баланың денсаулығына қауіп төндіріп жатқанын біле бермейді. Зерттеулерге сүйенсек, соңғы жылдары түрлі себептерге байланысты кейбір аналар жасанды сүт беруді таңдап отыр.

– Бұл жерде аналарды кінәлаудан бұрын, оларға дұрыс ақпарат беріп, психологиялық және медициналық қолдау көрсету маңызды. Себебі бала емізу – тек тамақтандыру ғана емес, ана мен сәби арасындағы ерекше байланысты қалыптастырады. Маман ретінде айтарым, әрбір тамшы ана сүті баланың иммунитетін нығайтып, денсаулығына оң әсер етеді. Сондықтан болашақ ұрпақтың денсаулығын нығайтудың ең тиімді жолдарының бірі – ана сүтімен қоректендіру мәдениетін кеңінен насихаттау және жас аналарға жан-жақты қолдау көрсету. Алғашқы алты айда ана сүті баланың барлық қажеттіліктерін толық қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде нәрестеге су, шай немесе басқа да тағамдар қажет емес. Дүниежүзілік денсаулық ұйымы алты айдан кейін қосымша тағам енгізіп, емізуді екі жасқа дейін және одан да ұзақ жасқа жалғастыруды ұсынады, – дейді Ұлпан Қазбекқызы.

Иә, әлемдегі ең тәтті дәм – ананың сүтінде. Оның құнарлығы мен нәрлігіне құман келтірмек түгелі, ерекше құпиясына ғылыми дәлелдеме қажет емес. Ана сүті таптырмайтын қорек, барлық ауру – илдеттен қорғаушы адамзаттың теңдессіз әуелгі асыл тағамы. Осыны жадына ұстаған қолбалалы ана Толқын Жүнісбай баланы екі жасқа дейін емізуді жөн санайды.

– Мен үшін баланың денсаулығы бәрінен маңызды. Бүгінде балалар аурушаң, әлсіз. Себебі, жас сәбиге түрлі қоспасы бар сүттерді береді. Олардың ешқайсысы ана сүтімен салыстыруға келмейді. Қазіргі уақытта жас аналар түрлі жағдайларға байланысты жұмысқа ерте шығып кетеді. Балалардың көп ауыратыны да балаға көп көңіл бөлмеуден деп ойлаймын, – дейді ол.

Сондай-ақ бала емізу ананың денсаулығы үшін де маңызды. Акушер мамандардың сөзіне сүйенсек, баланы емізу – сүт безінің катерлі ісікке шалдығу қаупін он есеге, жатырдың катерлі ісікке шалдығу қаупін екі есеге төмендетеді. Ал психологиялық тұрғыдан алғанда ана жүрегінің соғысы баланы тыныштандырса, баланың амы әнасының шаршағанын басады. Қай жағынан алып қарағанда да ана сүтінің орнын ешқандай тағам алмастыра алмайды.

Қорыта келгенде, ана сүтінің бала денсаулығы үшін маңызы зор. Сол арқылы нәзік жандар ұрпақтың ширақ денсаулығы мықты болуын қамтамасыз етеді. Дені сау – ұрпақ ертеңгі ұлт болашағы, келешектің тұтқасы. Қазіргі балалар аурушаң болуда. Сәби көп ауыратын аналар осы мәселенің шешімін таба алмай жүр. Демек, ұыздына жарымаған ұрпақ өсірмеу ананың өз қолында.

Айттолқын
АЙТЖАНОВА

ҰРПАҚ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



Бүгінгі таңда Сыр өңіріндегі 322 мыңнан астам бүлдіршіннің денсаулығы дәрігерлердің басты назарында. «Әрбір бала – еліміздің ертеңі» деген қағиданы ұстанған өңірлік дәрігерлер жас ұрпақтың әл-ауқатын жақсарту жолында жүйелі жұмыстарды жүргізуде. Аймақта балалар денсаулығын сақтау және оларға қорғалатын медициналық көмектің сапасын арттыру – басты назарда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің орталық алаңында өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова атап айтты.

Қазіргі таңда дұрыс тамақтану – денсаулықты сақтаудың негізгі жолдарының бірі. Көптеген аурулардың пайда болуы адамның күнделікті тұтынатын тағамына байланысты. Сондықтан пайдалы әрі құнарлы тағамдарды таңдау өте маңызды.

ТАҒАМ ҚҰНАРЛЫСЫ – ДӘРУМЕН



Қазақстанда жүрек-қан тамыр аурулары ауру түрлері арасында алғашқы орында тұр. Оның негізгі себептерінің бірі – дұрыс тамақтанбау, ақ ұннан жасалған тағамдар мен тәтті газдалған сусындарды көп тұтыну.

Ақ ұнның зияны көп. Ол қан құрамындағы қантты тез көтеріп, артық салмақтың пайда болуына, қан диабетіне және қан қысымының жоғарылауына әкелуі мүмкін. Ақ нан, бәліш, тоқаш, торт сияқты тағамдарды жиі тұтыну ағзаға зиян.

Қазіргі таңда көп адамдар бешбармақ сияқты майлы тағамдарды қола және басқа тәтті газдалған сусындармен ішуді әдетке айналдырған. Бұл өте зиян. Майлы тағам мен тәтті сусынның қосындысы жүрекке, бауырға және ас қорыту жүйесіне үлкен салмақ түсіреді.

Тәтті сусындардың құрамында қант мөлшері өте жоғары болады. Олар семіздікке, қант диабетіне, тіс ауруларына және зат алмасудың бұзылуына себеп болады.

Сондықтан тәтті сусындардың орнына газдалған минералды су, таза су, айран, қымыз сияқты пайдалы сусындарды ішкен дұрыс. Ал ақ ұнның орнына қара нан, кебекті өнімдер, сұлы, қарақұмық, тары сияқты пайдалы тағамдарды тұтыну қажет.

Дұрыс тамақтану – ұзақ әрі сапалы өмір сүрудің негізі. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, пайдалы тағамдарды таңдауы керек.

Жанна НҮРБЕРГЕН,

Астана медицина университеті академик
Е.Д.Дәленов атындағы Профилактикалық медицина
ҒЗИ салауатты өмір салты орталығының
жетекші ғылыми қызметкері,
дәрігер диетолог

Балаларға сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек көрсету мақсатында өңірде 29 стационарлық мекеме, 24 амбулаториялық-емханалық ұйым, 101 дәрігерлік амбулатория, 29 фельдшерлік-акушерлік пункт және 93 медициналық пункт жұмыс істейді.

– 2026 жылдың алғашқы бес айында облыста 5 832 нәресте дүниеге келді.

Бұл көрсеткіш өңірдегі демографиялық өсімің тұрақты екенін аңғартады. Балаларға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының мамандарымен бірлескен тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, оналту қызметтері кеңейтілуде. Сонымен қатар өңірде ерте араласу орталықтары мен ерте дамыту кабинеттері жұмыс істеп, мыңдаған бала қажетті қызметтермен қамтылуда. Сондай-ақ аймақта Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес «Балаға мейірімді аурухана» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде. Осы бағытта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмыстары қарқынды. Бұдан бөлек, Балалар құқығын қорғау комитетімен бірлесіп, ерте дамыту және ерте араласу қызметтерін жетілдіру мақсатында Португалияның жетекші мамандарының қатысуымен өңірдің 40 маманына арналған арнайы оқыту тренингі ұйымдастырылған, – делі Мая Миранбайқызы.

Сыр өңіріндегі жетістіктер медициналық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған ауқымды жұмыстардың нәтижесі. Сонымен қатар жергілікті бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, жас мамандарды қолдау дәстүрге айналған. Материалдық техникалық база да заман талабына сай жаңарып келеді. Аймақ дәрігерлерінің қажырлы еңбегі мен жаңашыл бастамалары өңірдегі әр баланың жарқын болашағына деген сенімді нығайта түседі.

Наркыз БЕКМЫРЗА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
I курс студенті



Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3858 Тапсырыс №948

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ